

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «М.ГОРЬКИЙ
АТЫНДАҒЫ
№16 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №16
ИМЕНИ М.ГОРЬКОГО ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ПРИКАЗ

120409, Қазалы қаласы, Жамбыл көшесі, 46

120409, город Казалинск, ул Жамбыла, 46

«29» маусым 2022 жыл

№ 56

«___» _____ 20__ г

**Тәрбие жұмыстарын
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жыл 6 сәуір күнгі №472 бұйрығының №2 қосымшасын басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылына тәрбие жоспарын жасап, бекіту.
2. Мектеп-лицейде жана 2022-2023 оқу жылына сынып жетекшілер тағайындау осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. «Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың (қылмыс, суицид, жыныстық тиіспеушілік, нашакорлық) алдын алу жөніндегі 2022-2023 оқу жылына арналған ведомствоаралық бірлескен кешенді іс-қимыл жоспарын» жасап, бекіту.
4. Осы жоспарды басшылыққа ала отырып жұмыс жасау және бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Нураддинов пен А.Нармановаға міндеттелінсін.



Мектеп-лицей директоры:  Д.Садуакасов

БЕКТЕМНІ

Директор: Д.Садуақасов

Мектеп-лицей директорының


№ 56 бұйрығына 1-қосымша

**М.Горький атындағы мектеп-лицей бойынша 2022-2023 оқу жылындағы
1-11 сынып жетекшілері туралы мәлімет**

р/с	сыныбы	Сынып жетекшісі	Оқушы саны	Қыз бала	Ер бала	Сынып жетекшісінің телефон ном
1	1 «А»	Адиқанова Құралай	23	16	7	8747-773-7680
2	1 «Б»	Баяділ Бакытқұл	24	10	14	8775-169-3072
3	1 «В»	Сүлейменова Нұргүл	18	5	13	8775-734-8955
4	2 «А»	Мусаева Муслима	15	6	9	8707-694-1345
5	2 «Ә»	Қалек Нұрсауле	25	11	14	8702-292-3780
6	2 «Б»	Қалжанова Жанар	19	9	10	8771-479-6328
7	2 «В»	Медетбаева Мөлдір	12	4	8	8702-241-6961
8	3 «А»	Шаминна Галина	26	12	14	8777-610-7325
9	3 «Ә»	Махаталиева Б	16	7	9	8708-349-0053
10	3 «Б»	Әбжаппарова С	18	8	10	8701-616-2014
11	3 «В»	Дүйсенгалиева Әлия	22	14	8	8702-817-8476
12	4 «А»	Жұмағұл Ұлдай	19	15	4	8771-479-6456
13	4 «Ә»	Суханова Гүлмира	22	11	11	8775-572-5678
14	4 «Б»	Нұрмахан Ақнұр	23	10	13	8771-479-1044
15	4 «В»	Исмаилов Жаңылған	18	8	10	8747-091-8553
16	5 «А»	Халтова Галия	19	8	11	8771-479-6812
17	5 «Б»	Абдуллаева Әлия	24	6	18	8777-492-8817
18	5 «В»	Бүршікова Айгүл	17	10	7	8702-947-7559
19	6 «А»	Бұхарбаева Құндызай	19	9	10	8707-694-1345
20	6 «Б»	Еркебалаева Қырмызы	27	12	15	8747-170-0427
21	6 «В»	Роман Алмат	26	10	16	8702-241-6961
22	7 «А»	Ерниязова Райкүл	20	13	7	8771-862-0665
23	7 «Б»	Құлбарақов Жалғас	21	9	12	8708-130-9455
24	7 «В»	Қожахметова Мағрипа	24	13	11	8702-679-2825
25	8 «А»	Медведева Любовь	18	12	6	8777-454-4641
26	8 «Б»	Қалжанова Әлия	24	12	12	8771-479-6877
27	8 «В»	Қаласова Нұргүл	24	17	7	8702-568-3983
28	9 «А»	Таласбаева Әсел	14	7	7	8771-479-2028
29	9 «Б»	Алмаев Кенжетай	24	13	11	8708-130-9344
30	9 «В»	Нұргалиева Ләззат	24	11	13	8775-465-4018
31	10 «А»	Шындалы Әкім	13	7	6	8702-568-1817
32	10 «Б»	Нұрсейітова Галия	16	8	8	8747-170-0427
33	11 «А»	Жұма Нафиса	8	6	2	8707-817-7472
34	11 «Б»	Шенберген Үміт	20	8	12	8708-837-4409
	МАД	Қайнарбаева Шаки				
	МАД	Айжігіт Мира				
	МАД	Қанатова Гүлсім				
	МАД	Бекмұрат Назым				

М.Горький атындағы №16 мектеп-лицей

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі
№472 бұйрығына
2-қосымша нысаны

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры:
 Д.Садуақасов
24 мамыр 2022жыл

2022 – 2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспары

**Жаңа 2022 -2023 оқу жылында жүргізілетін тәрбие жұмысының
мақсат-міндеттері, күтілетін нәтиже**

I бөлім

Мақсаты:

Мектепте тәрбие жұмысын жаңа технология негізінде жүргізе отырып, тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген жеке тұлғаның дамуына, қалыптасуына оңтайлы жағдай жасау.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жүйесін қалыптастыру.

Міндеттері:

Мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мазмұнын жоспарлау, сапасын арттыру;

Тәрбиенің негізгі бағыттарында белгіленген міндеттерді жүзеге асыра отырып, жоғары нәтижеге қол жеткізу;

Сыныптағы және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;

Мектеп оқушыларының сабақтан және мектептен тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыру;

Ата-аналар мен педагогикалық ұжымның бірлескен әрекеттер жүйесін қалыптастыру;

Салауатты, кәсіби шығармашылық танымы кең, әлеуметтік бейімділігі, белсенділігі және өмір сүру біліктілігі қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру;

Оқушылардың тәрбиелік және сапалық деңгейлерін анықтау, бағалау арқылы тәрбие беру ісіндегі өзекті мәселелерді табу, кемшіліктерді түзету іс-әрекеттерін жүзеге асыру;

Сынып жетекшілердің кәсіби біліктілігін арттыру;

II бөлім

Сыныптардың және жеке оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру

Р/с	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепке қарасты мөлтекаудан балаларының оқуға тартылуын қамту, есебін жүргізу	Тамыз Қаңтар	А.Нарманова Педагогикалық ұжым
2	Оқушылардың мектеп кітапханасымен байланысын күшейтуге ықпал ету	Жыл бойы	Мектеп кітапханашысы Сынып жетекшілер
3	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	Жыл бойы	ДТПЖО Сынып жетекшілер
4	Оқушылардың тазалығы мен формасын қадағалау	Жыл бойы	Сынып жетекшілер

			Мектеп мейіркеші
5	Оқу – тәрбие жұмысының қорытындысы туралы	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер

III бөлім

Сынып оқушыларының оқудан тыс уақытын және қоғамдық ұйымдармен жұмыстарды ұйымдастыру

1. Мектептегі қоғамдық ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру

P/c	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының жұмысын жолға қою	Қыркүйек мамыр	Мектеп тәлімгері
2	Мектептегі қоғамдық бірлестіктердің жұмыстарын жүйелеу, жоспарлы жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыру және оны қадағалау	Қыркүйек мамыр	А. Нураддинов А.Нарманова
3	Мектептегі сыныптан тыс үйірмелердің, спорт секцияларының жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек мамыр	Ғ.Нұрсейтова Үйірме, секция жетекшілері
4	Мектеп оқушыларын сыныптан тыс үйірмелерге, спорт секцияларына қатыстыру	Қыркүйек мамыр	Сынып жетекшілер
5	Құқықтық мектептің жұмысын ұйымдастыру	Қыркүйек мамыр	Құқықтық мектеп жетекшісі
6	Жас инспекторлар тобын құру, жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек мамыр	Т.Махамбет

2. Мектептен тыс қоғамдық ұйымдармен жұмыс жүргізу

P/c	Атқарылатын жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушылардың мектептен тыс уақыттарын тиімді өткізуін қадағалау	Қыркүйек- мамыр	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2	Мектеп оқушыларын қосымша білім беру мекемелеріне қатысуына ықпал ету	Қыркүйек- мамыр	ДТІЖО Сынып жетекшілер
3	Оқушыларды қалалық, аймақтық, аудандық, облыстық, республикалық іс-	Қыркүйек- мамыр	ДТІЖО Сынып

шараларға қатыстыру	жетекшілер
---------------------	------------

IV бөлім

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

1 Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;

✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;

✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>; ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;

✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>; ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Тұрмыстық зорлық – зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №2014-IV Заңы;

«Білімді ұлт» «Сапалы білім беру беру» ұлттық жобасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

II Ғылыми –әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама). Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау. 2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады: ✓ «Оқуға құштар мектеп»; ✓ «Отбасы – орта мектеп»; ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»; ✓ «Дәстүр мен ғұрып»; ✓ «Еңбек – елдің мұраты»; ✓ «Үнем – қоғам қуаты»; ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»; ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»; ✓ «Қоғамға қызмет»; ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»; ✓ «Дебат» қозғалысы; ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары; ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары; 20 ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы; ✓ «Театр сабақтары» жобасы. Оқу жылының әрбір аптасында өткізілетін 34 сынып сағатының тақырыптары ұсынылады (сілтеме). Жобалардың негізгі идеясы білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады. Жоба материалдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған. <https://www.pao.kz>). Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші бағыт - Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады. 2022-2023 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясын, «Тарих тағылымы» және «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет. Білім алушылар арасында өлкетану білімін насихаттау мен танымал ету келесі материалдарда көрсетілген: – Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде; – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетану жұмыстарын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдарда; – «Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»); «Әлеуметтік – тарихи тәжірибе» бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда; – «Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-

7-сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарда; – «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының құрылымдық жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдарында; 21 – білім беру ұйымдарында «Туған жер» бағдарламасы арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда. (<https://www.nao.kz>) «Жас қыран» (1-4-сыныптар), «Жасұлан» (5-10-сыныптар), «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру бойынша жұмыс білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болып табылады. Орта білім беру ұйымдарында мектептердегі өзін-өзі басқару органдарына маңызды рөл беру және жұмысты «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мектеп комитетінің жұмысы үлгісінде құру ұсынылады («Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»). Балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамытуға жауапты аға тәлімгерлердің біліктілігін арттыру үшін сайтта орналастырылған аға тәлімгерлердің қызметін ұйымдастыру бойынша авторлық әдістемелік материалдар мен құралдар ұсынылады www.zhasulan.kz. «Аға тәлімгердің қоржыны» бөлімінде орналасқан <https://www.zhasulan.kz/kz/project/view?id=14>. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 15.02.2021 ж. № 1-18-4 / 566-И: 15.02.2021 ж. хатымен Қазақстанның барлық аймақтарына жіберілген «Мектеп/студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) осы модельді іске асырудың нормативтік құжаты болып табылады. Тұжырымдаманың мәтіні <https://www.ziyatker.org/schoolparliament> сайтында орналасқан. Білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу тәрбиенің бір түрі болып табылады. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын арттыруға және құқықтық мәдениет дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды өткізу жоспарлануда. Білім алушылардың санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру критерийлері болып негізгі заңдарды білу, оларды түсіну және міндетті түрде мүлтіксіз орындау; құқыққа, заңдылыққа құрмет көрсету; алған білімдерін күнделікті өмірде практикада өз бетінше, өз орнына қолдана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық әдетін қалыптастыру болып табылады. Жоғары сыныптарда оқушыларды құқық қорғау органдарының қызметімен таныстыру, құқыққа қарсы мінез-құлық үшін жауапкершілік туралы айту қажет. Білім алушылар «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдарын білулері тиіс. 22 Жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау бойынша зерттеу мәселесіне айрықша назар аудару маңызды. Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бас тарту мәдениетіне тәрбиелеуі керек.

Инклюзивті мәдениет әртүрлілікті құрметтеу және айырмашылықтарға төзімділік құндылықтарын қабылдауды қамтиды. Білім алушылардың, педагогтердің, ата-аналардың және жалпы қоғамның инклюзивті мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстың неғұрлым тиімді нысандары әртүрлі көрнекіліктерді міндетті түрде көрсете отырып, форумдар, арнайы семинарлар, жиналыстар ұйымдастыру, оның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар табысты адамдар (Серік Есмаев, Шахан Жолдасбаев, Зульфия Раухатовна – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері, Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және т.б.) туралы презентациялар болып табылады. Инклюзивті мәдениетті инклюзивті білім берудің табысты іске асыру факторы ретінде ғана емес, сонымен қатар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тұлғалардың әлеуметтенуіне және жалпы қоғамның тұтастай өзгеруінің негізі ретінде қарау керек. Тәрбие жұмысын осы бағытта сәтті ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды және <https://www.nao.kz> сайтында орналастырылған «Ұлттың алтын қоры» - «100 жаңа есім» кейіпкерлері жобасын пайдаланыңыз. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психикалық денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыруға мектептердегі зорлық-зомбылыққа ден қоюдың алдын алу, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алуға ерекше назар аудару қажет. «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобасын іске асыру педагогтерге «тәуекел тобындағы» балаларды анықтауға және оларға уақытылы көмек көрсетуге, мектептегі зорлық-зомбылықтың жолын кесуге, кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алуға көмектеседі, өйткені бүгінгі күні бұл проблемалар жасөспірімдер арасында орын алуда. Осы бағытта әдістемелік көмек ретінде «Bilim Foundation» қоғамдық қоры әзірлеген бейнематериалдар педагогтер мен ата-аналар үшін үлкен қызығушылық тудырады (сайттарға сілтеме: <https://zhastar.org/application/parentspage>, <https://zhastar.org/application/studentspage#1>). Ұсынылған материалдардың құндылығы қазіргі білім алушы жастардың арасында жиі кездесетін мәселелерді көрсетеді және түбегейлі шешуді қажет ететіндігінде. Бұл жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулықтың, репродуктивті денсаулықтың, ментальды денсаулықтың және т.б. бұзылуы. Бейнематериалдардың мазмұндық контенті, форматы мен ұзақтығы, қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді баяндалу тілі, шынайы өмірден 23 алынған мысалдар/жағдаяттар, тақырыптардың көп өлшемділігі бейнематериалдардың тартымды жақтарының бірі болып табылады. Бейнежазбалар білім беру процесінің барлық қатысушыларына: ұстаздарға, білім алушыларға және ата-аналарға, сонымен қатар білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтері мен мектептердің татуластыру қызметтеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Бұл бейнематериалдар «тәуекел тобына» кіретін балаларды анықтау және оларға дер кезінде көмек көрсету, буллингтің жолын кесу мақсатында психологиялық қызметтердің жұмысы күшейтілетіндігі 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ мазмұнында өзекті болып табылады. Сондай-ақ «Әдепті адам – әдемі адам: балалар мен жасөспірімдер арасында бейәлеуметтік құбылыстардың алдын алу» әдістемелік ұсынымдары және 2020 жылы Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген нашакорлық, темекі

шегу және алкоголизмнің алдын алуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар <https://www.nao.kz> сайтында орналастырылған.

Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады. Білім алушылардың адами әлеуетін ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің және әлеуметтік тәжірибені дамытудың ең тиімді және орынды құралдарының бірі еріктілік – оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық тәрбиелік тәсіл болып табылады. Еріктілер – бұл адалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, достық, мейірімділік, төзімділік және жасампаздық институты. Орта білім беру ұйымдары білім алушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуга көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен тарту қажет. Орта білім беру ұйымдарында еріктілер қозғалысын ұйымдастыру туралы толығырақ ақпарат «Білім беру саласындағы еріктілік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайдағы білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі» әдістемелік ұсынымдарында берілген, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019 ж. (<https://www.nao.kz>). Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда 2022-2023 оқу жылы ҚР Мемлекеттік Рәміздеріне 30 жыл, Қазақстанның БҰҰ-ға кіруіне 30 жыл, Ахмет Байтұрсыновтың 150 жыл, Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы, М.Мәметованың 100 жылдығы, Р.Бағланованың 100 жылдығы, Ә.Нұршайықовтың 100 жылдығы, Т.Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған бұқаралық ісшаралар өткізу маңызды рөл атқарады. 2022-2023 оқу жылында кітап оқуды қолдау және кітаптың мәртебесін арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жалғасады. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас және әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті деңгейін және білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруға, оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруға және бірыңғай оқырмандар қауымдастығын қалыптастыру бойынша жобаны іске асыру үшін іс-шараларға ата-аналарды тартуға бағытталған. Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын жандандыру бойынша ресурстар (интернет-викториналар, ұсынымдық сервистер, кітап клубтары туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Кітаптарды электрондық форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу үшін мүмкіндіктерді пайдалану, балаларға әдебиет ағынын жақсартуға көмектесетін және кітапқа жаңа оқырман-балаларды тартатын жаңа электрондық ресурстарды дамыту қажет. ✓ Оқу барысында білім алушылардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру және сәйкесінше психологиялық шиеленісті азайту үшін кедергісіз, фондық классикалық қазақ музыкасын қолдану, бұл одан әрі «айналасындағыларға құрметпен қарау» құндылығын қалыптастыруға және нығайтуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында

өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамытудың «Мектептік/оқушылар парламенті» тұжырымдамасына сәйкес жүргізілуге тиіс (<https://www.ziyatker.org/schoolparliament>).

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы іске асырылатын болады. Әрбір халық мәдениетінің құрамдас бөлігі ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өз салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтау болып табылады. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтауға қауіп туындайды. Осыған байланысты қазақ халқының мәдени мұрасын, салт-дәстүрлерін, сондай-ақ ұлттық тағамдарын зерделеу – өзекті міндеттердің бірі. Оқушылардың қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуге арналған конкурстар мен олимпиадаларды тұрақты негізде өткізу; әрбір мектепте мұражай ашу; көрнекті тұлғалардың, даңқты спортшылардың, ғалымдардың, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарының білім алушылармен кездесулерін өткізу; сондай-ақ өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу өз өзектілігін жоғалтпайды. Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру, «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» (өлкетанулық білімін және мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты арттыру, туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) «Табиғат бесігі» (туған жерге жауапкершілікпен және аялап қарау) жобаларын жүзеге асыру ұсынылады. «Ұлттың алтын қоры» - «100 жаңа есім» жобасының кейіпкерлері, «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының модельдері» әдістемелік ұсынымдары Академия әзірлеген «Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру үшін әдістемелік нұсқаулық болып табылады (<https://www.nao.kz>).

Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. 26 Отбасы мен мектепте, жалпыұлттық құндылықтардағы қоғамдық әлеуметтену институттарында балаларды тәрбиелеу – қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселесі, өйткені ұлттық тәрбие дәстүрлерін, халықтық отбасылық педагогиканың мәдени және білім беру құндылықтарын құрметтеу, сақтау және тарату көбінесе жас ұрпақты дайындауға, осы мәселені шешуге байланысты ұрпақтан-ұрпаққа, елдің лайықты азаматын тәрбиелеуге байланысты болып табылады. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын

ұйымдастыру шеңберінде қосымша білім беруде, мәдени-бұқаралық іс-шаралар, конкурстар, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары, үйірме жұмыстары және т.б. көрініс табуы тиіс. Іске асырылып жатқан «Отбасы – орта мектеп» тәрбие жобасы: - құндылық дағдарысы – жауапты ата-ана, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті, дәстүрлер, ментальді ойлау, «отбасылық өзек», яғни жақын туыстық байланыстардың болуы сияқты отбасылық құндылықтардың жетіспеушілігі; баланың отбасында алатын шынайы құндылықтары, еңбек, ұлттық дәстүрлер, ұрпақтардың ерекше тәжірибесі ол үшін идеал болуды тоқтатады; - қоғамның қарқынды дамуы; - тез өзгеретін әлем; - мұғалімдердің отбасылық тәрбиені ұйымдастырудың жаңа әдістері мен тәсілдеріне қажеттілігі сияқты заманауи тәрбиелік факторларды ескереді. «Отбасы – орта мектеп» тәрбие жобасында жалпыұлттық құндылықтарды іске асыру әдістемесі отбасының тәрбиелік әлеуетін, отбасылық тәрбие бойынша педагогтердің әдістемелік практикасын және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-әрекетті тиімді жетілдіруге бағытталған. Негізгі мақсат – жалпыұлттық рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар жүйесіне баса назар аудара отырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын үйлестіру. Мұғалімдердің отбасымен ынтымақтасу сипаты негізінен мектепке әр түрлі қарайтын, мектепте және сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы рөлін көретін, баланы отбасында түрліше тәрбиелейтін және әртүрлі зияткерлік деңгейге ие ата-аналардың жағдайына байланысты. Сондықтан ата-аналар дәрістерін, ата-аналардың қатысуымен жаңа форматта бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады. Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «Мектеп өмірінің бір күні» жобасын іске асыру барлығына бірдей қарымқатынас нысанын орнатпай, ата-аналардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, отбасы ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиеге бағдарлана отырып, оларды мектеп, сынып, өз баласының істеріне шыдамдылықпен қарай отырып, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларымен мүмкіндігін ескере отырып, өзара әрекет жасауға жәрдемдеседі. Қазіргі педагогикалық және ата-аналар консилиумдары ата-аналармен және балалармен жеке әңгімелесулер өткізуі тиіс, соның нәтижесінде нақты 27 баламен педагогикалық іс-шаралар бағдарламасы мен жүйесі келісіледі; баланың ұй-жағдайымен танысу үшін отбасына бару, отбасылық мәселелер мен балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер өткізу. Отбасылық тәрбие әдістемесі инновациялық тәсілдерді, әдістер технологиясын, әдістер жиынтығын қамтиды. Отбасылық әдістердің бірі ата-аналардың баламен бірге туған өлкенің киелі орындарын (тарихи ескерткіштерді, кесенелерді, мұражайларды, табиғи объектілерді) зерттеуі – ол да тәрбие. Киелі орындарға бару отбасының адамгершілік дәстүрлерін жандандыруға, ұлттық бірегейлікті, ұрпақтар арасындағы байланысты және балалар мен ата-аналар арасындағы рухани жақындықты нығайтуға ықпал етуі мүмкін. Отбасында материалдық емес мәдени мұра нысандарын (ұлттық дәстүрлер, отбасылық дәстүрлер, аңыздар) сақтау қажет. Балаға өз тегін, жеті атасын білу, өзінің отбасылық шежіресін құрастыру – рухани тәрбие берудегі отбасылық құндылық. Баланы отбасылық жәдігерлер мен тарихқа, фотосуреттерге, үй мұрағаттарына, марапаттар мен ата-әжелеріне

күрметпен қарауға тәрбиелеу маңызды. Тәрбие үрдісінде күнделікті деңгейде де, дағдарыс сәттерінде де отбасында өзара түсіністік пен өзара көмек негіздерін қалыптастыру маңызды.

Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үрдісінде отбасылық тәрбиені іске асыруға арналған нұсқаулық болып табылады. <https://www.pao.kz>).

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі кеңінен танымал, орта білім беру деңгейлеріндегі білім алушылар үшін кәсіптік бағдарлау жұмысы күшейтіледі, табанды еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі, бұл өскелең ұрпақ үшін рөлдік модель болуға тиіс. Мектептегі еңбек тәрбиесі – бұл практикалық тәжірибе, алғашқы еңбек дағдылары мен әдеттерін беру, олардың шығармашылық ойлауын, еңбексүйгіштігін дамыту мақсатында әлеуметтік пайдалы еңбектің әртүрлі педагогикалық ұйымдастырылған түрлеріне тарту процесі. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу: көлөнер көрмесі, сыныпты тазалау, гуманитарлық көмек, мектепті көгалдандыру және абаттандыру, шеберлер турнирі, игі істер апталығы, көңілді шеберлер қаласы, мектепті жеңіл жөндеу, еріктілер актісі, қамқорлық көрсету аймағы, еңбек десанты, мектеп жөндеу бригадасы секілді түрлі ісшараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Мектеп түлектерінің болашақ мамандығын таңдауының тиімді шараларының бірі – білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы. Кәсіптік бағдар беру мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде, білім алушылармен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Бұл өмірге келген адамға кәсіби бағдарлауды дамыту үшін мамандықты немесе тәрбие жұмысының жүйесін ғылыми тұрғыдан таңдауға, білім алушыларға кәсіби өзін-өзі анықтау сәттерінде көмек көрсетуге ықпал ететін іс-шаралар жүйесін жүргізу. Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы мектеп түлектерінің болашақ мамандығын таңдауының тиімді шараларының бірі болып табылады. Болашақ мамандықты таңдау қазіргі уақытта жаңа мамандықтардың күн сайын пайда болуымен, ал ескілері өзектілігін жоғалтуымен немесе мүлдем жаңа нәрсеге айналуымен күрделенетініне педагогтердің назар аударуы маңызды. Сондықтан мектептерде осы бағыттағы жұмысты оқу-тәрбие процесі, оқушылармен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыс арқылы жандандыру маңызды. Өмірге жаңадан қадам басқан адамға өзін-өзі кәсіби анықтау аясында мамандықты ғылыми тұрғыдан таңдауға көмектесетін іс-шаралар жүйесін жүргізу ұсынылады. Білім алушыларға кәсіптік бағдар беру бағытында мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, ақпараттық коммуникациялық технологиялар, энергетика, туризм, тау-кен

металлургия кешені және құрылыс сияқты негізгі 9 сала бойынша «Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен қуыреттердің атласы» ұлттық жобасы әзірленді. Бұл құрал біздің балаларымызға өмірдегі басты таңдаудың бірі – мамандықты дұрыс таңдауға көмектеседі. Атласты құрастырған сарапшылардың болжамы бойынша болашақта 239 жаңа мамандық пайда болады, 129-ы жойылып, 95-і қатты өзгерістерге ұшырайды.

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалықматематикалық, кеңістіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық зияткерлікті дамытуға бағытталуы керек. Зияткерлік тәрбиенің кілті білім алушыларда эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру болуы керек. Әдістемелік нұсқаулық ретінде «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмететке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында әзірленген мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал ұсынылады (3 модуль. Эмоционалды интеллект және тұлғааралық қарым-қатынас) «Bilim Foundation», 2017. Оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті, сондайақ ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мектептегі тәрбие жұмысының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. «Үшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушыларды пайымдауға, талдауға және сыни ойлауға, командада жұмыс істеу дағдысын дамытуға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретеді. Зияткерлік жарыс ретінде пікірсайыстарды сабақта және сабақтан тыс уақытта жоғары сыныптарда өткізген өте қолайлы. Қазіргі заманауи әлемде пікірсайыстар әртүрлі салаларда қолданылып, танымал бола бастады: саясат, бизнес, қоғамдық қызмет, білім беру, психология және т. б. «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының ережесі «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағына сәйкес және халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді. Дебат қозғалысының жалпы стратегиясы, мақсаты мен міндеттері бар, ол мектеп оқушыларын еліміздің әр өңірінде дебаттық орталықтар, клубтар құру арқылы дебаттық қозғалысқа жаппай тартуға бағытталған. «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқуәдістемелік орталығы» РМҚК сайтында орналасқан. <https://www.ziyatker.org/debatnoedvizheny>). 32 Ақпараттық мәдениет мақсатында білім алушыларға интернет-кеңістікте өзін-өзі ұстау мәдениетін: қарым-қатынас мәдениетін, өз ойын білдіруді, әңгімелесушінің пікірін құрметтеуді, этикалық нормаларды сақтауды дағдыландыру маңызды. Оқушылардың өзін-өзі басқару аясында балалар мен жасөспірімдердің интернет-тәртібі мен қарым-қатынасы мәселелерін қарастыруды тәжірибе жүзінде қолдану

аса құнды. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы аясында зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттайтын интернет желісіндегі белгілі бір сайттарға балалардың қол жеткізуін бақылауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Жалпы білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстарының жоспарына кибермәдениет және кибергигиена, оның ішінде білім алушылардың кибер қауіпсіздігі және ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қосу қажет. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, білім алушыларды мектеп қабырғасынан бастап хакерлердің желілік шабуылдарынан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дағдыларды үйрететін киберқауіпсіздікке оқыту керек. Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру үшін материалдарды келесі сайттардан табуға болады: ✓ <https://cybersecuritymonth.eu/press-campaign-toolbox/ecsmmaterial/cybersecurity-spaces-workshops-on-cybersecurity-for-high-school-students> (бұл сайтта «Ресурстар» бөлімінде пайдалы болатын құжаттар бар); ✓ <https://www.mcafee.com/blogs/consumer/importance-cybersecurity-lessonsschools/>; ✓ <https://eu-acerforeducation.acer.com/education-trends/cybersecurity-howto-teach-students-to-use-internet-responsibly/>; ✓ <https://www.youtube.com/watch?v=ULGILG-ZhO0> (ағылшын тіліндегі бейнелер барлық негізгі қағидаларды түсіндіреді); <https://www.edb.gov.hk/en/edu-system/primary-secondary/applicable-toprimary-secondary/it-in-edu/information-security.html> (Гонг Конгта мектеп оқушыларына арналған Киберқауіпсіздік бойынша PDF файлдары бар).

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі тетіктері – Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени орталықтармен ынтымақтастық; балалар мен жастар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру, халықтар достығы фестивалдері, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; танымал адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер. Жыл сайын тәрбие жұмысының жоспарына білім алушыларды көп мәдениетті тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды (толеранттылық сабақтары, Әлем күніне арналған акциялар, халықаралық бейбітшілік күніне арналған бірыңғай ақпараттандыру сағаты және т.б.) енгізу ұсынылады. Көркем-эстетикалық тәрбие саласында орта білім беру ұйымдарында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері жылжыту ұсынылады. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңызды. Театр өнері арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие балаларды адамгершілік негіздері, идеялары, адамның іс-әрекеттері қалыптасатын іс- 31 әрекеттерді қабылдау, түсіну және пайымдау дағдыларын қалыптастыруға негіз болатын әдеби-көркем тілмен таныстыруға ықпал етеді. Өскелең ұрпақты театр

V бөлім
Ата-анамен жүргізілетін жұмыс

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектеп бойынша ата-аналар кеңесін сайлау, жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекіту	Қыркүйек	А.Нураддинов А.Нарманова
2	«Отбасылық оқу клубы- сауаттылық негізі» (семинар)	Қыркүйек	А.Мамырбаева Н.Рахманберген
3	Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін жетілдіру	Жыл бойы	Мектеп психологы Сынып жетекшілер
4	Ата-аналардың мектепшілік, қоғамдық, мәдени іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
5	«Ерте сауаттылықты дамыту» (вебинар)	Қазан	Ж.Асаубаева Н.Қалеке
6	Балалардың түнгі мезгілде ретсіз жүруіне ата-ана тарапынан тиым салдыру, сабаққа қатысуын, тәртібін қадағалауға шақыру	Жыл бойы	ДТПЖО Сынып жетекшілер
7	«Х ата-ана Z ұрпақты қалай тәрбиелейді?» (конференция)	Қараша	А.Нураддинов А.Нарманова
8	«Эмоционалды интеллект: EQ белгілері» (танымдық сағат)	Желтоқсан	А.Нарманова А.Бүршікова
9	«Нағыз әке» (семинар-тренинг)	Қаңтар	А.Нураддинов Е.Алғашбай
10	«Альфа ұрпақ: миллениалдар тәрбиелейтін балалар қандай болады?» (конференция)	Ақпан	А.Нарманова Сынып жетекшілері
11	Қазақстанда қандай мамандық табысы жоғары? (таным сағаты)	Наурыз	А.Ертуғанова
12	«Матрицадан қашу: миымызды бағдарламалап қойған жүйеден қалай құтыламыз?» (семинар)	Сәуір	А.Нарманова
13	Ата-аналармен топтық, жеке кездесу ұйымдастыру	Токсан сайын	А.Нураддинов А.Нарманова Сынып жетекшілер

III Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

Р/с	Негізгі жұмыс бағыттары	Тәрбие жұмысының атауы	Формасы	Құндылығы	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1 қыркүйек – Білім күні.	1-11	патриотизм	қыркүйек	А.Нураддинов А.Нарманова
		Жолда журу ережелері жол қауіпсіздігі	1-4 сыныптар Сынып сағаты	Жауапкершілік	Қыркүйек	А.Нураддинов А.Нарманова
		«Рәміздер – елдігіміздің белгісі»	1-11	құрмет	қыркүйек	А.Нураддинов А.Нарманова Сынып жетекшілері
		«Абайлаңыз, балалар!»	Акция 1 – 11 сынып		қазан	А.Нураддинов А.Нарманова Ж.Смағұлова
		«Менің елімнің тарихы»	5 сынып оқушылары Ғ.Мұратбаев музейіне саяхат	патриотизм	Қазан	М.Құрмашева С.Байымбет
		«Бала құқығы-адам құқығы» онкүндік	Жоспар бойынша іс-шаралар	Құқықтық сана – қауымға пана	Қараша	А.Нураддинов А.Нарманова
		«Ұстаздың ұлағаты-мәңгілік» Қазақ ССР-нің білім беру ісінің үздігі Ж.Ә.Игіліқыт еске алуға аудандық олимпиада	Физика пәнінен аудандық Олимпиада 8-10 сынып	құрмет	Қараша	Мектеп-лицей әкімшілігі
		Тротуарда журу тәртібі	Саяхат сабақ 1-4, 5-8 сыныптар		Қытар Ақпан	А.Нураддинов А.Нарманова Сынып жетекшілері
		1 наурыз - Алғыс айту күні	Мерекелік құттықтаулар 1-11 сыныптар		Наурыз	А.Бүршікова Ж.Смағұлова Сынып жетекшілері
		«Жасыл мектеп ауласы»	Акция 1-11 сыныптар		сәуір	А.Нураддинов А.Нарманова Сынып жетекшілері
		1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні	Салтанатты жиын 1-11 сынып		Мамыр	А.Нураддинов А.Нарманова А.Бүршікова
		«Мен өз елімнің патриотымын!»	Жас сарбаздар шеруі		Мамыр	А.Нураддинов Т.Махамбет

Рухани аламгершілік тәрбиесі		9-11 сыныптар			
	Жол оқиғасының себептері	Бейнекөрсеті лім 1-11 сыныптар		Мамыр	А.Нұраддинов Т.Махамбет Сынып жетекшілер
	Экософия	Ғылыми жоба байқауы 5-8 сынып		Қыркүйек- мамыр	А.Нарманова Ғ.Нұрсейтова Сынып жетекшілер
	Мейірім әрдасы	Ақша 1-11 сыныптар	жомарттық	Тамыз	Г.Смағұлова
	«Қайырымдылық жасампаз күш»	Әңгіме сағаты 1-11 сыныптар		Қыркүйек	Сынып жетекшілер
	«Үздік оқырман отбасы» байқауы		Отбасылық құндылықтар	Қазан	Сынып жетекшілер
	Ұстазым - ұлы қамқоршым!	Мерекелік концерт 1-10 сыныптар	Құрмет	Қазан	А.Нарманова А.Бүршікова Ж.Смағұлова
	Ә. Нұршайықов 100 жаста « Қан мен тер» романы	Буктрейлер 10-11 сыныптар		қараша	А.Мамырбаева Сынып жетекшілері
	Қай жерде ойнауға болады?	Әңгіме сағаты		Желтоқсан	Сынып жетекші
	Бүгінгі мектеп тәуелі – ертеңгі елдің тірегі.	кездесу		Қаңтар	А.Ертуғанова А.Бүршікова
	Ұмытпаңдар мені	Поэзия сағаты 5-11		Ақпан	А.Мамырбаева Н.Рахманберге н
	Наурыз-дұман	Мерекелік кеш 1-11		Наурыз	А.Нұраддинов А.Нарманова А.Бүршікова
	Адалдық сағаты	Кездесу 10-11		Сәуір	Ж.Смағұлова А.Сағымбаева
	«Бала тәрбиесі отбасынан басталады»	Әжелер мектебі		мамыр	А.Нарманова
Ұлттық тәрбие	Көше күтпеген оқиғаларға толы	5-8 сынып		Қараша	А.Нұраддинов Сынып жетекші
	16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні	1-11 таным сағаты		желтоқсан	А.Нарманова А.Бүршікова

4		«Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер»	Шежіре сағаты 1-4 сынып		қаңтар	Сынып жетекшілер
		Жолда журу ережесінің пайда болуы	Бейнебаян көрсетілімі		ақпан	Сынып жетекшілер
		Яссауи феномені	Таным сағаты 5-9 сыныптар		Наурыз	Сынып жетекшілер
		Ата-аналар кездесуі	Топтық, жеке		Тоқсан сайын	А.Нұраддинов А.Нарманова
		Бала – жанұя тәрбиесінің айнасы	Ата – аналармен жұмыс		сәуір	Мектеп психологы
		Мектеп өмірінің бір күні	Консилиум Ата - аналар		мамыр	А.Нұраддинов А.Нарманова Сынып жетекшілер
	Отбасы тәрбиесі	Отбасы – орта мектеп	Tedx Ата - аналар		қазан	Г.Нұрсейтова
		Ата көрген оқ жонар, Әже көрген тон пішер!	Пікіралысу сағаты/атала р. әжелер мектебі/		қараша	А.Нарманова Ә.Қалжан
		Отбасы сыйластығы-ұрпаққа өнеге	Әдептілік сабағы 9 - 11 сынып		қаңтар	Мектеп психологы
		Ән –көңілдің ажары	байқауы. 1-7 сынып ата - әжелерімен		ақпан	А.Бұршікова Мектеп тәлімгері
		Жая жүргінші өтпелері	Танымдық тәрбие сағаты		наурыз	Сынып жетекші
		Қазақтың көрнекті тұлғалары	тәрбие сағаты.		сәуір	А.Нұраддинов Сынып жетекшілері
	Еңбек, экономикалық және	«Жасыл оқу бөлмесі»	Байқау 1-11 сыныптар	еңбекқорлық	Қыркүйек	А.Сағымбаева Ж.Смағұлова Сынып жетекшілер
		«Алтын қазына» / ұлттық ою өрнек элементтерімен киім үлгісін жасау/	Көрме 5-10 сынып		Қараша	А.Нарманова А.Орынбаева

5	экологиялық тәрбие	Еңбек нарығында сұранысқа ие жана кәсіптер мен кәсіпкерлердің атласы	Talk Laik 9-11 сынып		желтоқсан	А.Бүршікова Сынып жетекшілер
		Клиптік санадан қалай құтыламыз?	Tedx 10-11 сынып		Қаңтар	Сынып жетекшілер
		Еңбек - елдің мұраты	Еңбек адамдарымен кездесу 7-8 сынып		Ақпан	Ж.Смағұлова Сынып жетекшілері
		Жол тәртібін жадында ұста	Мерекелік тәрбие сағаты		наурыз	А.Нұраддинов Сынып жетекшілері
		ЭкоАсар	Челлендж 1-10 сынып		Сәуір	А.Нарманова Сынып жетекшілері
		«Еңбек адамының бір күні»	Бейнебайқау 8-9 сыныптар		мамыр	А.Нұраддинов Сынып жетекшілері
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Қазақ мәдениеті антологиясы» /сыр өңірінің /ақын, жырау/ ұлттық фольклорын зерделеу	әлеуметтік жоба 7-9 сыныптар	Ынтымақ тастық	Қыркүйек - мамыр	А.Нарманова Сынып жетекшілер
		Алтын күз-2022	Сурет байқауы 1-7 сынып		Қазан	А.Бүршікова Ж.Смағұлова
		«Book puzzle»	Интеллектуалды сайыс 5-8 сынып		Қараша	А.Мамырбаева Сынып жетекшілер
		«Қазақтың 100 әні»	Байқау 5-8 сынып		желтоқсан	А.Бүршікова Т.Жетеулиева
		«Мектеп формасын сақтау қаншалықты тиімді?»	дебат		ақпан	Ж.Смағұлова
		Көктем аруы - 2022	Байқау 1-11 сынып		Наурыз	А.Бүршікова Ж.Смағұлова
		Жаңа жүргінші өтпесі туралы	Тәрбие сағаты		Сәуір	А.Нұраддинов Сынып жетекшілер
		Балалар және театр	Сахналық қойылым 1-8 сынып		Мамыр	Г.Нұрсейтова
7	Зияткерлік тәрбие акпараттық мәдениетті тәрбиелеу	Киберқауіпсіздік	Танымдық сағат		Қазан	А.Нарманова Сынып жетекшілері
		«Тіл-достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы» апталық	Пікірсайыс 8-11 сыныптар		қараша	А.Нарманова Сынып жетекшілері

		Интернет кеңістігінің оқушының мінез-құлық мәдениетіне әсері	Пікіралысу 3-11 сынып оқушылары, ата - аналар		Желтоқсан - қаңтар	А.Нарманова Ұ.Бисенбай – ата- аналар комитетінің төрайымы
		«Мен интернет кеңістігін пайдалану арқылы өзімді қалай тәрбиеледім»	Эссе, бейнеролик 3-11 сыныптар		Сәуір - мамыр	А.Нарманова
		Иллюстрация	Қысқалам шеберлері байқауы 3-9		ақпан	А.Орынбаева С.Әлімжанова
		Үшкыр ой аланы	Дебат 9-10 сынып		наурыз	Ғ.Нұрсейітова Ә.Абдуллаева
8	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	Басты құндылық- рухани тазалық	Тәлім сағаты 8 сынып	Адамгершілік	Қыркүйек	Сынып жетекшілері
		Денсаулық-зор байлық	Челлендж 1-10		Қазан	А.Нарманова Пән мұғалімдері
		«Алтын доп»	Сайыс 5-10 сыныптар		Қараша	А.Роман Ж.Аяпбергенов К.Темірұлы
		Асық Party	Ұлттық ойын 1-5 сынып		желтоқсан	А.Байсүгіров Е.Жолашев
		Балалар жылына орай шахматтан аудан мектептері арасында турнир	Сайыс		Желтоқсан	А.Нураддинов Ә.Шүлембаев А.Байсүгіров
		Бұқаралық спорт түрлерінен сайыс	Сайыс 5-10		Қыркүйек-мамыр	А.Нураддинов Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері

МДТЖО :



А.Нураддинов
А.Нарманова